**«Бекітемін»**
**Қазақстан Республикасы**
**Білім және ғылым**
**вице-министрі**
**__________Б.А.Асылова**
**«01» 03 2018 ж.**

# Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша «Математика» пәнінен 4 сынып оқушыларына арналған тест спецификациясы

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және бастауыш білім берудің оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған құжат.

**1. Мақсаты:** жалпы білім беретін орта мектептердің 4 сынып оқушыларының **математика** пәні бойынша дайындық деңгейлерін анықтау.

**2. Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгей – 7 тапсырма, екінші деңгей – 5 тапсырма, үшінші деңгей – 3 тапсырма.

Математика пәні бойынша тест бастауыш білім берудің оқу бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады:

| № | Бөлім | № | Тақырып | № | Тақырыпша |
|---|---|---|---|---|---|
| 01 | Арифметика | 01 | Көп таңбалы сандардың нумерациясы | 01 | Көп таңбалы сандарды оқу және жазу Разрядтық қосылғыштар |
| | | | | 02 | Көп таңбалы сандарды қосу және азайту. Теңдіктер және теңсіздіктер |
| | | | | 03 | Көп таңбалы сандарды көбейту және бөлу. Өрнектегі амалдардың орындалу тәртібі |
| 02 | Алгебра элементтері | 01 | Теңдеулер | 01 | Теңдеу шешу |
| | | 02 | Өрнектер | 01 | Әріпті өрнектер |
| | | 03 | Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 01 | Массаның, уақыттың өлшем бірліктері |
| | | 04 | Есептер | 01 | Қозғалысқа берілген есептер (қарама-қарсы қозғалыс, қарама-қарсы бағыттағы қозғалыс) |
| | | | | 02 | Бір бағыттағы артынан қуып жету және қалып қою қозғалысына берілген есептер |
| | | | | 03 | Шамалар арасындағы тәуелділікке, бірігіп атқарылған, егіннің түсімділігі берілген есептерді шығару |
| | | | | 04 | Екі айырма бойынша белгісізді табуға берілген есептерді шығару. Пропорционал бөлуге берілген есептер |
| | | | | 05 | 3-4 амалдан тұратын есептер. Тура және жанама түрде есептерді салыстыру |
| 03 | Геометрия элементтері | 01 | Периметр. Аудан. Көлем | 01 | Көпбұрыштың периметрі және тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы, тіктөртбұрышты параллелепипедтің көлемі. Шеңбер, дөңгелек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 02 | Геометриалық фигуралар |
| | | 02 | Өлшем бірліктері | 01 | Ұзындықтың, ауданның, өлшем бірліктері |
| 04 | Логика элементтері | 01 | Логикалық есептер | 01 | Логикалық элементері бар есептері |

**3. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:**

Пәндік нәтижелер. 4-сыныптың соңында оқушылар:
мәтінді есептің құрылымын; өрнектердегі арифметикалық амалдарды орындау ретінің ережелерін; арифметикалық амалдар компоненттерінің атауларын; қосу мен көбейтудің аустырымдылық және терімділік қасиеттерін, қосу мен азайтуға байланасты көбейтудің үлестірімділік қасиетін; сандарды еселік және айырымдылық салыстыру ережелерін; арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережелерін; шамалардың бірліктерінің белгілеулерін; ұзындық, масса, уақыт, көлем бірліктерінің арасындағы байланыстарды; тіктөртбұрыштың (шаршының) ауданы мен периметрін есептеу ережелерін, тіктөртбұрышты параллепипедтің (текшенің) көлемін; шамалар (жылдамдық, арақашықтық (жүрілген жолдың ұзындығы), уақыт, өнімділік, жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс; егіннің түсімділігі, ауданы және массасы) арасындағы тәуелділіктерді білуі қажет.

**4. Тапсырмалар формасы:**

Тест тапсырмасында берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет. Тест тапсырмасын толығымен орындау уақыты – 30 минут.

**5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:**

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін тестіленуші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған жағдайда 15 балл алады.

**6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:**

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 4 сыныптарында апробациядан өтеді.